

**Ақтөбе облыстық мәслихатының
Ш Е Ш І М І**

Ақтөбе қаласы

№417

2019 жылғы 26 сәуір

**Облыстық мәслихаттың
кезектен тыс отыз екінші
сессиясы жалпы отырысының
күн тәртібі туралы**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6-бабына сәйкес Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

Облыстық мәслихаттың кезектен тыс отыз екінші сессиясы жалпы отырысының күн тәртібіне мынадай мәселелер енгізілсін:

1. Облыстық мәслихаттың 2018 жылғы 10 желтоқсандағы №347 «2019-2021 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.

*Хабарламашы: Г.Р.Сүйінтаева - экономика және бюджеттік
жоспарлау басқармасының басшысы*

2. Облыстық мәслихаттың 2012 жылғы 7 желтоқсандағы №82 «Облыс әкімдігі жанындағы оралмандар мәселелері жөніндегі комиссияның дербес құрамы туралы» шешіміне өзгеріс енгізу туралы.

3. Облыстық мәслихаттың 2012 жылғы 15 наурыздағы №102 «Облыс әкімдігі жанындағы діни бірлестіктермен байланыс жөніндегі Кеңестің дербес құрамы туралы» шешіміне өзгеріс енгізу туралы.

4. Облыстық мәслихаттың 2008 жылғы 30 қыркүйектегі №116 «Облыс әкімдігі жанындағы тарихи-мәдени мұраларды қорғау жөніндегі комиссияның құрамы туралы» шешіміне өзгеріс енгізу туралы.

5. Облыстық мәслихаттың 2012 жылғы 27 шілдедегі №62 «Облыс әкімдігі жанындағы бұқаралық ақпарат құралдары мәселелері жөніндегі Кеңестің дербес құрамы туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

6. Ақтөбе облысының Қоғамдық кеңесі туралы Ережені бекіту туралы.

7. Облыстық мәслихаттың 2018 жылғы 10 желтоқсандағы №365 «Облыстық мәслихат аппаратының құрылымы және штат кестесі, қызмет автомашиналарының лимиті туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

**Облыстық мәслихаттың
сессия төрағасы**

**Облыстық
мәслихаттың хатшысы**

Б. БЕРКІМБАЕВ

С. ҚАЛДЫҒҰЛОВА